

Б. ЖАНАЙХАН,
Сүлеймен Демирел

атындағы университет докторанты

ҰЛЫҚБЕК ЕСДӘУЛЕТОВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ ҰЛТТЫҚ МІНЕЗ

Әдеби, көркем туындылардың мазмұндық ерекшелігін айқындайтын бірден-бір элемент – ұлттық мінез екені белгілі. Ұлттық мінезді жеке дара алып қарастырсақ, оның тарихи категория екендігін ескеруіміз керек. Ол қоғамдық, рухани, экономикалық және саяси жағдайларға сәйкес қалыптасады. Дүниені ұлттық түсінікпен қабылдау жолы қай адамға болсын тән қасиет. Өнерде, әдебиетте адам бейнесінен бұл қасиет толық көрініп отырады. Әр халықтың эпикалық туындыларын олардың талай замандар ұлт болып қалыптасуынан бөліп қарауға болмайды.

Сондықтан шығармада ұлттық мінез жасау үшін оның дүниетанымын, психологиясын, әдет-ғұрыптарын т.б. қасиеттерін білу керек. Бұл жөнінде Н.В. Гоголь: «Ақын өмірге өз халқының көзқарасымен қарап, әр нәрсені ұлттық психологияға сәйкес құбылыстай сезініп, толғағанда ғана ұлттық сипатты бейнелеп беру мүмкін», - деген ой айтады. Бұл дұрыс та. Мысалы «Игорь полкы туралы жыр» орыстардың, «Махабхарата» Индия халқының, «Нибелунга туралы жыр» немістердің, «Ер Тарғын», «Қыз Жібек» жырлары қазақтардың дүниетанымын, мінез-болмысын айқындайтын туындылар.

Ұлттық мінез, ең біріншіден, саңлақ суреткер тұлғасында, олардың шығармаларындағы әдеби бейнелер табиғатында, әдеби бейнелердің жасалу жолдары мен тәсілдерінде, сондай-ақ сөз бейнелілігінде, сюжет құрамында, жанрлық түрлердің түзілуінде жатады да, халық тарихының әр түрлі кезеңдерінің қоғамдық сипатына байланысты, уақыттың озуы мен заман ағымына сәйкес үнемі өзгеріп отырады. Ұлттық мінез, демек, ұлттық категория болуымен бірге, тарихи категория екендігін тағы да айта кеткен жөн.

Ұлықбек Есдәулетов - нағыз ұлттық ақын. Ол поэзиялық деректің баршасын дерлік ұлт өмірінен алады. Қазақтың бір туар ақыны Қадыр Мырзалиев: “Ұлықбектің ойы-ел ойымен ортақ. Бір ауыздан шыққанмен, көптің көкейіндегісін сездіреді» деп бағалайды [58,76].

Қазақиям-азат ұям,
қоңыр жұртым ұлы елім,
қаңқылдаған қаз атынан
сөз саптаған сүйелім;
-қанға-қан!-деп,
-жанға-жан!-деп,
атам қазақ үйреткен,

өтті ғасыр сандаған көп,
ақ сойылын сүйреткен [59,116б].

Ұлы ақын жүрегінің өз ұлтына, халқына деген қалтқысыз махаббатына, шексіз сүйіспеншілігіне “азат ұям, қоңыр жұртым ұлы елім, сөз саптаған сүйелім” жолдары қалай куә болса, өлеңнің қалған жолдарында да сол халқына, өз ұлтына деген сезімі асқақтай түседі. Өлеңнің келесі жолдарында:

...аялаған азаттығым
бұлбұл ұшса басымнан,
кімге керек қазақтығым
мақтан еткен жасымнан?
Төбеңдегі Айды мына
Тұмарыңдай көремін,
Қапалы да, қайғылы да
Қызыр елім, өр елім;
топырақтың табын сездім,
жүгірдім де жығылдым,
Отан деген назым сөздің
мәнін сенен ұғындым;

Аспандай кең атамекен,
иі қанбас көн дала,
сені сүйю қате ме екен?

Сүйіп өтем сонда да!»- [59,204б].

деген жолдар имандай ұйытар мінәжат сөзіндей, кәлима қып қайырар дұғалықтың өзіндей.

Ұлықбек өлеңіне бойласақ, ақынмен бірге қазақ деген халықтың болмыс бітіміне терең бойлайсың, кейде тарихқа саяхат жасап, қандай халық болғанбыз деп марқая түсесің. Ақынның «Біз - түркілерміз» атты өлеңін оқығанда ұлттық рухың бір көтеріліп қалады.

Кеудемізді билеген асқақ арман,
Тарихымыз дастан боп таста қалған,
Тірсегіміз тілінген кездерде де
Жан жүректе жерім жоқ жасқа малған.

Жұтып қойған ғасырлар өктем үнін,
Айға қарап ұлыған көк бөрімін.
Атқа мінсем, кетемін аруақтанып,
Арасында желік бар ет-терінің [59,27 б].

Ақын рухы биік, қайсар халқымыздың ұлттық болмысын, мінезін осылай жырлайды.

Атқа мінсем, кетемін айбаттанып,
Қылыш көрсем, кетемін қайраттанып.
Ғасырлардың бетіне қалқып шыққан
Біздің халық – бұ да бір қаймақ халық.

Көк Тәңірден көңілге нұр тілерміз,
Көк аспандай әлі де күркілерміз.
Көкбөрілі көк байрақ көкке шықса,
Қай дұшпанның алдында іркілерміз?
Біз түркілерміз!
Біз түркілерміз!!

Біз түркілерміз!!! [59,112 б].

Ұлықбек қазақтың ұлы ақыны Мағжан салған сара жолымен келер ұрпаққа тарихы мен ата-бабаларының кім екенін, халқымыздың қандай халық болғандығын жырына арқау етіп таныта білген.

Намысымды ешкімге таптатпаған,
Түркістанның күмбезі асқақтаған.
Бабаларым жатыр ғой бата беріп,
Аруақтар аманатын ақтап бағам. [59,112 б].

Өлеңдегі «Айға қарап ұлыған көк бөрімін», «Атқа мінсем, кетемін аруақтанып, арасында желік бар ет-терінің», немесе «Атқа мінсем, кетемін айбаттанып, қылыш көрсем, кетемін қайраттанып» тіркестерінде қазақ халқына тән батырлық пен қайсарлықты, ер жүрек-батылдық мінездердің жиынтығын көреміз.

Ұлттық мінездің қазіргі қазақ өлеңіндегі бітім-болмыс дегенде, әсіресе, Ұ. Есдәулетов шығармашылығының басқалардан оқ бойы озық тұрғанын айтсақ, бұл - жаңалық ашу емес. Ақын «Қазақтарды қазақтарға таныстыру» өлеңінде:

Қара суы ұйыған қазанына
Қайран қалмас ел бар ма қазағыма?
Қуанышын жүреді айырбастап
Дүниенің азабы,
Тозағына.

Таңдай қағып отырып Чюрлениске,
Бір кебісті сұғады бір кебіске.
Жылы сөйлеп,
Ақ құйып шығарады
Жыланның да басына кірген ішке.

Ғасырлардың бетіне қалқып шыққан [59,189 б].

Ақынның өлеңіндегі мінез лирикалық кейіпкерінің ғана мінезі емес, қазақ халқының, ұлтымыздың мінезі.

Қайда бейнет,
Білмейді қайда рахат,
Қарық боп та қатырмас пайдаға қап.
Мың жасайтын сияқты көреді өзін,
Қашан болсын керенау, жайбарақат.

Ашықса да ауламай судан балық,
Ақ малтасын ас қылған сырдаң қағып.
Өзім десе, көрсетер өгіз күшін,
Ашуынан қайтуы жылдам халық [59,189 б].

Берілген өлең жолдарында ұлттық мінез біршама ашылып суреттелген. Ал келесі жолдарында бұл құбылыс шарықтай түседі.

Ол қалауын тапқанда қар да жанар,
Арба болмас, қалауы дорба болар.
Қазанына ас түссе,
Елең қағып,
Қонақ келіп қалар деп жолға қарар.

Ән деген,
Күй менен жыр дегенде,
Төр аямас қайдағы кірмеден де.
Найзағайлы намысы оянғанша,
Жуас болып көрінер жүндегенге [59,189 б].

Өлеңді оқи отырып, халқымыздың барлық мінез-құлқына қанық болдық. Қазақ халқының жомарттығы, батырлығы, жарқын, аңқау екендігін біліп үлгердік. Ақын әрі себебін, әрі салдарын айта отырып, ұлттық мінезіміздің біршама бөлігін бұтарлап әдемі айтып берген.

Өлең өнеріндегі ұлттық мінез көрінісінің ерекшелігі ұлттық мінездің оң-терісінің аталып қана қоюы емес, көлеңкелі тұстарының сыналуында жатады. Бұл үрдісті ұлы ақын Абай шығармаларында шебер қолданған.

Абай өлеңдеріндегі ұлттық мінез мәселесінде оны сынау жағы үнемі басым түсіп отырады. Мұның өзі тереңірек ойласақ, әрі ұлттық, әрі прогрессивтік идея. Себебі, ақын ұлттық мінезді сынау арқылы халықты түзеймін деп ойлаған.

Ұлықбек Есдәулетов өлеңдерінде де қазақ халқының жақсы қасиеттерімен бірге Абайға ұқсас көлеңкелі тұстарын да сынға ала жырлаған. Ақынның «Бақытты халық» атты өлеңі сөзімізге дәлел.

«Осы біз неткен бақытты халық едік:

орайын десе - егіні жоқ,
себейін десе – көңілі жоқ,
өлейін десе кебіні жоқ,
жел сөзі мен желігі көп,
өз үйінеде өзінің орыны жоқ [59,1426].

немесе

Қит етсе қырамын деп ұрандайтын,
өзінен басқа ешкімді ұра алмайтын.
Неткен бақытты халық едік:
Табыла алмай ту қасынан,
елеуішпен су тасыған,
алтын шықса құм-астынан
оның өзі у сасыған»,- [59,1426].

деумен қазақ халқын сынағанда ұлттық мінезге қатысты жайттар, сырлар аңғарылып отырады. Бұл сырларды ақынның реализмі мен эстетикасынан бөлек қарауға болмайды. Ұлықбек ұлт мінезін сынағанда жекелеген адамдарды немесе қоғамды емес жалпы бір ұлттың бойындағы қанына сінген мінезін, болмысын осы дәуірдегі жаңаша көзқараспен суреттейді.

Неткен бақытты халық едік:

Құйрық-жалы күдіре боп,
жүгіретін сүріне кеп,
үй дейтұғын үйі де жоқ,
күй дейтұғын күйі де жоқ,
шығатұғын үні де жоқ,
бостандықтан басқа түгі де жоқ,

Неткен бақытты халық едік! [59,142]

Бұндай өлеңдердегі ұлттық мінездің жалаң сипаттау, талдау болмайтындығы ұлттық мінездің дұрысы мен бұрысының, оңы мен терісінің арасындағы диалектикалық байланыс-бірліктің поэтикалық контраст арқылы бейнеленуінен, өлең соңында жасалатын идеялық түйіннің тереңдігінен келіп шығады. Өлең идеясы қазақ халқының ұлттық мінезіндегі ақ, қараны ажырата, айта отыра, үй-күйсіз қазақтың бостандығының барлығына жеңдіретін ойда, яки ұлт мінезіндегі асқақ арманды айтумен ашылған.

Қорыта келгенде мақаламызда Ұлықбек Есдәулетов өлеңдерін нысанаға ала отырып, поэзиядағы ұлттық өрнек пен ұлттық мінез көрінісін барынша ашуға тырыстық. Ұлықбек Есдәулетов - қазақ поэзиясына қазақы леп әкеліп, әуезді лирикасы жүректің ең нәзік пернелерін сөйлетіп, дыбыстың айрықша үйлесімін тауып, өлең жолдарын күйше күмбірлеткен дарынды қаламгердің бірі. Ақынның өлеңдеріне талдау жасай отырып, ақынның өзіндік өлең өрнегін айқындадық.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Қазақ поэзиясының антологиясы // Егемен Қазақстан, 2004.-28 қаңтар
2. Әлібеков Ә. Ұлттық поэзиямыздағы Ұлықбек жырлары // Астана хабары, 2004.
3. Есдәулетов Ұ. Жұлдыз жарығы. -Алматы:Жазушы, 1977. -225б.
4. Есдәулетов Ұ. Алтайдың алтын тамыры .-Алматы: Жазушы, 1979.
5. Есдәулетов Ұ. Киіз кітап /Ұ.Есдәулет.-Астана:Елорда, 2000.
6. Есдәулетов Ұ. Ұлыстың ұлы күні. - Алматы:Жазушы, 1982.
7. Зақанқызы Р. Ұлттық мінездің көркем көрінісі /-Ақиқат, 2001.- №3
8. Есдәулетов Ұ. Ұлы даланың ұлымын/Ұ.Есдәулет.-Өскемен, 1995.
9. Есдәулетов Ұ. Екі томдық таңдамалы шығармалар, 1 том Алтын тамыр. Ел мен жер жырлары.– Алматы: Жазушы, 2006.

Resume

This scientific article studies the national temper and national worldview of Ulyqbek Esdauletov's lyrics from all-round point of view.

Резюме

В этой научной статье всесторонно рассматривается лирика поэта Улугбека Есдаулетова с точки зрения национального нрава и мировоззрение.

С. АЙТУҒАНОВА,

*Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті
филология ғылымдарының кандидаты, доцент*

СЮЖЕТТІК ҚҰРЫЛЫМДАҒЫ КӨРКЕМ УАҚЫТ ПЕН КЕҢІСТІК

Кез келген шығарманың құрылымына тоқталсақ, онда фабула, сюжет пен композиция туралы айтылады. В.Шкловскийдің еңбегінде: «Сюжет түсінігін көбінесе оқиғаны баяндаумен шатастыра береді – мен оны шартты түрде фабула деп атауды ұсынамын. Дұрысы, фабула дегеніміз тек сюжеттік көркемдеуге қажетті материал ғана» [1, 189], - деп көрсетілген.

Ал Б.Томашевский: «Белгілі бір оқиғалар желісін ойлап тауып, оның бас-аяғын белгілеп қана қою жеткіліксіз. Осы оқиғаларды реттеп, оларды белгілі бір тәртіппен орналастыру, оларды баяндай отырып, фабулалық материалдан әдеби композиция жасау керек. Шығармадағы оқиғалардың көркемдік тұрғысынан реттеп құрылуы сюжет деп аталады» [2, 236],- деп жазады.

Сонымен фабула туралы бұл ғалымдардың пікірі мынаған саяды: фабула дегеніміз – көркем шығарманың сюжетіне өзек болар оқиғаның